

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan
L. N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of philology
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

MATERIALS

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

Редакция алқасы: Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*),
Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЛИМИНАЛДЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Матаева А.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының докторанты

Астана қ., Қазақстан

**Ғылыми жетекші: филол.ғ.д., профессор Жұмағұл С.*

E-mail: asyl_mataeva@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается одна из актуальных категорий антропологии, а также современной культурологии и литературоведения – концепция лиминальности. Лиминальность означает переход от одного этапа жизни к другому. Термин «лиминальность» впервые ввел в науку антропологии Арнольд Ван Геннеп. В ходе исследовательской работы изучены суждения Виктора Тернера, концептуально обосновавшего идею лиминальности из области антропологии в литературоведение. Цель исследовательской работы: выявление значимости, актуальности лиминальной концепции в современной литературоведческой науке. В данном направлении авторами проведен комплексный анализ работ зарубежных философов и литературоведов. В результате исследования были определены особенности лиминальной теории и оценена роль лиминального явления в литературоведении. Несмотря на то, что проблема лиминальности, является одним из актуальных направлений в современной мировой литературе, в современном казахском литературоведении не рассматривается как объект исследования. Концепция лиминальности будет одним из новых тем, требующая глубокого изучения.

Ключевые слова: лиминальная концепция, лиминальное пространство, лиминальный период

Abstract. The article considers one of the topical categories of anthropology, as well as modern cultural and literary studies - the concept of liminality. The term «liminalness» was first introduced into the science of anthropology by Arnold Van Gennep. During the research work, the judgments of Viktor Turner, who conceptually grounded the idea of liminality from the field of anthropology to literature, were studied. The authors conducted a comprehensive analysis of the works of foreign philosophers and literary scholars. In the result of the study, peculiarities of liminal theory were identified and the role of liminal phenomenon in literary studies was evaluated. Despite the fact that the problem of liminality is one of the topical directions in the modern world literature, in modern Kazakh literature is not considered as the object of research. The concept of liminality will be a new topic requiring in-depth study.

Key words: liminal concept, liminal space, liminal period

Қазіргі заманауи әлемдік әдебиеттанудың басты тенденциялары ретінде әдебиеттану ғылымының философия, әлеуметтану, мәдениеттану, психология, антропология, т.б. салалармен өзара күрделі байланысы; автор өлімі, нарратив, интермәтінділік, метапроза, реминисценция, т.б. термин сөздердің қолданысқа енгізілуі; әдіснаманың өзгеруі; әдеби үрдістердің гуманитарлық тұжырымдармен толығып дамуы; ұлттық әдебиеттің әлем мәдениетімен байланыста трансформациялануы; көркем мәтіндерді интерпретациялау; структурализм және семиотика әдістерінің ықпалымен мәдениетті мәтін тұрғысынан қарастыру басты орынға шығуда. Бүгінгі таңда әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар салаларының өзара тоғысуындағы (антропология, психология, мәдениеттану, философия, әдебиеттану т.б.) лиминалдық концепциясы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

«Лиминалдық» термині – шекара, шек, аралық кеңістік – адам немесе қоғам дамуының кезеңдері арасындағы межені не өтпелі кезеңді білдіреді. Оксфорд әлеуметтік ғылымдар сөздігінде лиминалдық (ағылшын тілінде «Liminality», латынша «limen») – болмыстың анықталған жағдайы арасындағы немесе одан тыс жағдай; лиминалдық термині субъектінің қалыпты әлеуметтік өмір кезеңі арасындағы рәсімдердің өту кезеңін білдіреді деп көрсетілген [1. 205].

Лиминалдық – әлеуметтік мәртебе, құндылықтар мен нормалар, ой-сана-сезімнің өзгеріске түсуімен байланысты ұғым болғандықтан, пәнаралық мәселелермен сабақтас мәнге жатады.

Заманауи ғылымда лиминалдык термині адам және қоғам дамуындағы өтпелі немесе ауыспалы кезең мағынасында қолданылады.

Лиминалдык терминін тұңғыш рет антропология ғылымына француз ғалымы Арнольд Ван Геннеп енгізген болатын. Ол «The Rites de Passage» еңбегінде лиминалдықты теориялық тұрғыдан негіздеп, табиғаттағы маусымдық құбылыстар, адам өміріндегі өтпелі кезеңдер, өмір салтының өзгеруі үрдісінде лиминалдықтың маңызды үйлестіруші рөлін тәжірибе жүзінде дәйектеді. А. Геннептің көзқарасы бойынша «Rites de Passage» немесе «өтпелі рәсім» – кез келген өзгерістердің (мекенжай, әлеуметтік мәртебе, жас) міндетті белгісі (attribute). Ғалым кез келген ауысу (өтпелі) үрдісінің немесе транзиттіліктің негізгі үш кезеңін айқындайды: 1) сепарация; 2) маргиналдылық; 3) инкорпорация (құрамына енгізілу, қосылу). Бірінші кезең – белгілі бір нысанды немесе «инициантты» (жеке тұлғаны) қандай да бір әлеуметтік немесе мәдени ортадан оқшаулату. Осы кезеңде инициант шынайы кеңістік пен уақыттан ажыратылады. Екінші кезең – лиминалдык – иницианттың немесе «транзиттік саяхатшының» (transit voyager) амбиваленттік күйге, яғни «лимбоға» (аралық күйге) өтуімен сипатталады. Бұл кезең аралық мәнге ие, инициант екіұштылық сипатта болады. Үшінші, мәрелік кезең, инкорпорация – жеке тұлғаның «жандануы, жаңғыруы, қайта тууы»: яғни иницианттың қоғамға басқа әлеуметтік мәртебеде оралуы [2. 81]. Біздің ойымызша, аталған кезеңдердің ішінен екінші лиминалды кезең – лиминалдылықтың дуалдылық қасиетін байқатады: бір мезетте алдыңғы және келесі кезеңдердің сипаты көрініс тауып жатады. Геннептің пікірінше, өтпелі рәсім – «rites de passage» үш кезеңнің тұтастығымен ерекшеленеді. Олар: лиминал алды - бұрынғы ортадан, әлемнен шеттетілу, лиминалды - транзиттік кезең, постлиминалды - жаңа қоғамға, әлемге қосылу, инкорпорациямен байланысты болып келеді. Осы орайда Геннеп: «Жеке тұлға немесе адамдар тобының өмірі жатсыну, айрылу және жаңа бірлестіктер құру, форма мен кондициялардың өзгеруі, өлім мен дүниеге келуден тұрады. Өмір – әрекет пен аялдау, күту мен үзіліс және басқа бағыттағы әрекеттердің қайталануы... Үнемі әртүрлі жаңа межелер, шекаралар пайда болып отырады: жаз бен қыс, маусымдық, жылдық, айлық, тіпті күнделікті өмірде туу, жастық шақ, кемелдену және қарттық үрдістері толассыз жүреді; ең бастысы өмір мен өлім арасындағы тайталас толастамайды» [2. 123]. Сөйтіп, ғалым, транзиттілік немесе лиминалды кезең құбылмалы импульспен қозғалысқа келетін аралық, құнды мәнге ие деген тұжырымға келеді. Арнольд Ван Геннеп басқа халықтардың мәдениетінде, әлеуметтік өмірінде рәсімдерді қолданатын формалардың алуан түрлілігінің аясында бірыңғай үлгі, құрылым жатқанын дәйектеп берді.

Лиминалдык кезеңдердің қағидаттары мен ерекшеліктерін А. Байбурин («Семиотические аспекты функционирования вещей» 1989, «Ритуал: свое и чужое» 1990) П. Бурдые («Rites of Institution» 1991), С. Гроф («Величайшее путешествие: сознание и тайна смерти» 2008), Дж. Кросби («Liminality and the Sacred: Discipline Building and Speaking with the Other» 2009), Р. Моррисон («Trauma and transformative passage» 2012), Е. Гребенюк («Ритуал перехода» 2016) және т.б. ғалымдар зерттеді. Олар лиминалдықты әлеуметтік мәртебе, сана-сезім, адами құндылықтардың өзгерістері тұрғысынан пайымдады. Лиминалдык концепциясын зерделеген ізденістерімен белгілі ғалымдардың бірі Л. Фусу: «Біздің пікірімізше, лиминалдык – пәнаралық құбылыс сипатымен өзекті» - деп көрсетеді [3. 48]. Зерттеуші өз көзқарасын антропологиялық, феноменологиялық, құрылымдық-семантикалық әдістермен дәйектейді. Лиминалдықтың мәні, сипаттамасы, қазіргі қоғамдағы көрінісін айқындайды.

Әдебиеттану ғылымында лиминалдык ұғымын терминологиялық және тұжырымдамалық тұрғыдан дәйектеген ағылшын әрі американдық антрополог ғалым Виктор Тернер болып табылады. Оның тұжырымы бойынша әдебиеттанудағы лиминалдык көркем мәтіндегі өтпелі күйлерді анықтауды қамтиды. Тернердің пікірінше, жеке тұлғаның қоғамнан уақытша ажырауы (алшақтауы), амбиваленттік әлеуметтік мәртебе сипатында болумен сабақтас, ол заң, әдеп-ғұрыптық нормалар мен ережелер жауапкершілігінен босатылады. Лиминалды кезең жағдайында жеке тұлға «анда» да, «мұнда» да болмайды. Ол

«аралықта» («betwixt and between»), «алдыңғы» және «болашақ» мәртебесі тоқтатылған, белгісіздік жағдайында, әрі қайта құрылған, жаңғыртылған мәдени модельдер мен парадигмалардың жүзеге асуын күту позициясында болады. В. Тернер Арнольд Ван Геннептің ауысу рәсімдерін талдай келе, оның архаикалық қоғамдағы маңызды рөліне назар аударады. Олар адамның кез келген әлеуметтік мәртебесінің өзгеруімен қосақталып жүретінін түйіп, белгілі бір әлеуметтік құрылымнан ажырау; лиминалды (шектік) жағдай; әлеуметте қалпына келу сынды үш фазадан тұратынын айтады [4. 168-169]. Лиминалдықы ұғымын терең зерттеп, оған толықтай сипаттама жасайды.

В. Изер «The Fictive and the Imaginary: Charting Literary Anthropology» (1993) еңбегінде әдебиеттің «лиминалдықы ойын» ретіндегі қызметіне қажеттілік пен қиял арасындағы байланысты ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның, субъектінің өзін-өзі трансценденттік жасампаз іс-әрекетін де анықтауды жатқызады. Ғалым әдеби ойдан шығару немесе иллюзия, шынайы өмір мен көркем шындық арасындағы аралық кезең болып табылады деп пайымдайды, яғни үштік: «шынайы өмір - иллюзорлық – қиялдан туындаған» парадигмасына сәйкес деп есептейді. «Әдебиет – транзиттік объект, шынайы өмір мен қиялдың арасында үнемі өзгеріп отыратын және оларды үздіксіз бір-бірімен байланыстыратын шекаралық құбылыс» [5. 4], – деп жазды.

М. Спарису: «Әдеби дискурс – шын мәнінде жаңа альтернативаларды тудыру мүмкіндігіне ие, себебі ол шынайы және қиялдағы әлемді біріктіріп, олардан бөлек «аралық» әлем жасайды. Қарым-қатынастың шынайы және қиялдағы формаларын көрсету немесе карама-қайшылықтағы бірлігін қалыптастыру арқылы әдебиет болмыстың балама модельдерін жасайды» [6, 30], - деген пікір айтады. Демек, әдебиет өзінің мақсат-міндеттеріне сәйкес лиминалды құбылыс болуымен мәнді, яғни өмірдегі ақиқат-шындықты қиялдағы көркем шындыққа айналдырады, сөйтіп транзиттік рөл атқарады. Қатал шындықтан, қиялға толы ғажайып құбылыстар, еркін идеялар мен автор шындығы орын алатын әлемге апарды.

Грузия ғалымы И. Ратиани зерттеулері қазіргі әдебиеттану саласындағы жаңа бағытты, атап айтқанда, әдеби лиминалды теориясын ғылыми негіздеген ізденістерімен құнды, сондай-ақ ол лиминалды теориясының антропология және әдебиеттану ғылымында алатын орнын бағамдайды. Ол Геннеп, Тернер, Спарису, Палмер, Шопенгауэр, т.б. еңбектерін талдап, әдебиеттану ғылымындағы лиминалды феноменге ерекше назар аударады. И. Ратиани Аристотельдің «Поэтика», Шиллердің «Письма» және т.б. ойшыл-ғалымдардың туындыларын зерделеп, әдебиеттің лиминалдықы құбылыс екенін байыптайды [7. 1-10].

Қазіргі әдебиеттанудағы лиминалдықы концепциясын пайымдау мен зерделеу басқа да шетел ғалымдардың еңбектерінде де көрініс тапты: М. Taylor «Functions of Liminality in Literature: A Study of Georges Bataille's "Le Bleu Du Ciel", Julien Gr "Le Bleu Du Ciel", Julien Green's "L'Autre", and Assia Djebar ", and Assia Djebar's "L'Amour, La Fantasia» (1998) тақырыбындағы докторлық диссертациясында Жорж Батайдың көркем шығармалары негізінде талдау жасап, әдебиеттегі лиминалдықы құбылысты тәжірибешілік тұрғыдан дәйектеді, Н. Viljoen, С. Merwe «Beyond the Threshold: Explorations of Liminality in Literature» (2007) тақырыптарындағы ізденістерінде лиминалдықы теориясын тереңдете зерттеп, «шек», «шекаралық» ұғымдарының әдебиетке тән екенін ерекше атап өтті және лиминалдықтың әдебиеттанудағы зерттелуін байыптады. I. Ratiани «Liminal Theory. The problem of anthropology and contemporary literature» (2008), «Liminality and the Liminal Theory of Conceptualizing Time and Space in 20th century Eschatological Anti-utopia» (2012) зерттеулерінде лиминалдықы теориясын қазіргі антропология және әдебиеттанудың өзекті мәселелері ретінде қарастырып, сонау антикалық дәуірдегі ойшылдардың әдебиетті лиминалдықы құбылыс деп есептейтінін нақты мысалдармен пайымдаулар жасады, М. Dass «Beyond the Threshold: Explorations of Liminality in Literature» (2013) эссе-мақалалар жинағында әдебиеттегі лиминалдықы кеңістіктер, аралық кезеңдер, өтпелі жағдайлар туралы ғылыми көзқарасын білдірді, А. Engel «Between two worlds: the functions of liminal space in

twentieth century literature» (2017) докторлық диссертация жұмысында Дж. Конрад, Э. Форстер, В. Вулф, Т. Ганн, Д. Линчтің «кейіпкерлерге тереңде жатқан өз ішкі сезімдерін білдіретін кеңістікті жасау» стратегияларын қолданды, ХХ ғасырдағы дағдарыс, қоршаған орта күйреуін, отбасы құндылықтарының құлдырауы, рухани диссонансты сипаттау мақсатында лиминалды кеңістіктерді, лиминалды тәжірибе мен лиминалды кезеңдердің мүмкіндіктеріне жол ашты [8. 124-128]. D. Lacy «Expanding the Definition of Liminality: Speculative Fiction as an Exploration of New Boundaries» (2019) ізденісі П. Бигл мен Ф. Дик шығармалары негізінде спекулятивті фантастиканың лиминалды идеяға құрылуы, ондағы қалыпты «өтпелі күй» мен «шектік» өзгеріске әкелетін кеңістік, «дәліз» жасауы және шектік, ауыспалы кезеңдер бағытында жасалса, С. Mueller-Greene «The Concept of Liminality as a Theoretical Tool in Literary Memory Studies: Liminal Aspects of Memory in Salman Rushdie's *Midnight's Children*» (2022) зерттеу жұмысында С. Рушдидің «Дети полуночи» шығармасы негізінде лиминалды белгілерді жан-жақты талдайды. Мистикалық қабілет, өтпелі кезең, шек және шекаралық күйлер және т.б., яғни лиминалдықтың әдебиетке тән құбылыс екенін тұжырымдайды [9. 264-288]. Аталған еңбектердің маңыздылығы әдебиеттану ғылымында лиминалдықтың қызметі, рөлі, әдеби шығармаларды талдаудағы тиімділігі жайлы ізденістермен айқындалады. Бұл бағытта докторлық диссертациялар жазылып, монографиялар, кітаптар, мақалалар жарық көруде.

Орыс әдебиеттану ғылымында да лиминалды мәселесі өз деңгейінде зерттелуде. Ғалымдардың әр жылдары жарық көрген зерттеу жұмыстарында әдеби туындардағы лиминалды кеңістік, лиминалды мотив, лиминалды аймақ, лиминалды эффект, лиминалды символика сынды лиминалды құбылыстың көріністері сипатталады. Л. Бугаева «Литература и rite de passage», «Художественный нарратив и структуры опыта: сюжет перехода в русской литературе новейшего времени» (2012) диссертациялық жұмысында лиминалды сюжеттің негізгі формаларын [10. 117] анықтайды.

Зерттеуші Г. Кучумова «Архетип гения в немецкоязычном романе 1980–2000 гг.» (2012) мақаласында маргинал суретші-коллекционер кейіпкері арқылы лиминалдықтың нағыз белгілерін көрсетеді. П. Зюскинда мен М. Байердің романдары «Парфюмер» (*Das Parfum*), «Летучие собаки» (*Flughunde*) және Д. Рубинаның «Синдром Петрушки» романында лиминалды субъектінің түрлі позициялары мен коллекциялаудың түрлі стратегиялары айқындалған.

Филолог ғалым О. Колмакова «Лиминальность как принцип поэтики романа А. Королева «Эрон» (2015) зерттеуінде мәдениеттің бүгінгі ауысу күйін көрсететін лиминалды поэтиканың ассоциативті-тақырыптық ауқымын және іске асыру тәсілдерін қарастырады. Романдағы «аралық күйлер», «шекаралық» жағдайлар «ауысу, өту», «инициация» мотиві арқылы сипаттайды. Ал Е. Зейферт «Эффект лиминальности и зона лиминальности в новейшей русской поэзии» (2018) еңбегінде Е. Шварц, А. Драгомощенко, О. Седакова поэзияларының материалы негізінде көркем шығармадағы кеңістіктердің ауысуын талдайды, мұнда «лиминалды кеңістік», «лиминалды эффект» терминдерін басқа «кеңістіктерге ауысу» салдары ретінде қолданады. Өз кезегінде Л. Фусу «Лиминальность в русском фольклоре» (2019) мақаласында фольклордағы лиминалдылықтың көріністерді сипаттап, орыс халық мәдениетіне тән қасиет ретінде талдайды. Хронотоптар, кейіпкерлер және орыс халық ертегілерінің сюжеттік ерекшеліктері, лиминалды кеңістіктер, лиминалды кейіпкерлер, лиминалдылық пен ауысу күйлерін қамтитын рәсімдер қарастырылады. Ғалым орыс фольклорындағы лиминалдылықтың көрінісін талдау арқылы әдебиеттегі лиминалдықтың маңыздылығын анықтайды.

Ю. Бабичеваның «Актуализация лиминальной мифологемы в романе Л.Н. Толстого «Воскресение» (2019) тақырыбындағы ізденісте Л.Н. Толстойдың «Воскресение» романындағы лиминалды мифологемалар жүйесі қарастырылады. Шығарманың көркемдік әлеміндегі «жол», «орман», «өзен», «су», «сәб»и, «от» сияқты мифологемдердің «шектік, аралық» элементтері анықталып, тұжырымдалған. Олардың көп қызметтілігі,

амбиваленттілігі сипатталады. Лиминалдық жағдаят, лиминалдық мекеншақ ұғымдары пайымдалады.

Қорытындылай келе, лиминалдық әлем әдебиеттану ғылымында өзіндік орны мен қызметі бар өзекті салалардың бірі екенін атап өтуге болады. Кез келген жанрадағы көркем шығармаларды лиминалдық үрдістер тұрғысынан зерттеу – қазіргі заманның маңызды әдістемелік қағидаттарының бірі деп есептейміз. Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында лиминалдық концепциясы зерттелмеген тың сала. Болашақта ұлттық әдебиеттануда игерілетін бағыттардың қатарынан табылып, қолданысқа енеді деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Оксфорд әлеуметтік ғылымдар сөздігі. / К. Калхунның редакциясымен. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 480 б.
- 2 Genep A. The Rites of Passage. – Chicago and London: University of Chicago Press, 2019. – 224 p.
- 3 Фусу Л. Концепция лиминальности: подходы, сущность понятия, характеристики проявления в обществе на современном этапе // Философские науки. – 2018. – №3. – С. 143-148.
- 4 Turner V. The Ritual Process. Structure and Anti-Structure. – New York, 1995. – 232 p.
- 5 Iser W. The Fictive and the Imaginary: Charting Literary Anthropology. – Baltimore, 1993. – 347 p.
- 6 Spariosu M. The Wreath of Wild Olive. – New York Press, 1997. – 350 p.
- 7 Ratiani I. Liminal Theory. The problem of anthropology and contemporary literature // Литература в диалоге культур. – 2008. – С. 195-199.
- 8 Engel A. Between two worlds: the functions of liminal space in twentieth century literature. URL: <https://cdr.lib.unc.edu/concern/dissertations/j098zb36v>
- 9 Mueller-Greene C. The Concept of Liminality as a Theoretical Tool in Literary Memory Studies: Liminal Aspects of Memory in Salman Rushdie's Midnight's Children // Literary Theory. – 2022. – No.2. – P. 264-288.
- 10 Бугаева Л. Литература и rite de passage. – СПб.: Петрополис, 2010. – 408 с.

ӘОЖ 82.6

ҚАЗАҚ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ПРОЗАСЫНЫҢ ГЕНЕЗИСІ

Дабеева Г.

*А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының студенті
Астана қ., Қазақстан*

**Ғылыми жетекші: PhD, доцент Амангазықызы М.*

E-mail: moldir_amangazykyzy@mail.ru

Аннотация. Данная статья посвящена проблеме жанровой эволюции и поэтики казахской эпистолярной литературы. Феномен, называемый эпистолярной прозой, был порожден трансформацией письма как речевого жанра в разновидность художественного нарратива. Часто к данному понятию относят все сочинения, текст которых оформлен как письма (письмо) персонажа, вне зависимости от того, а) вымышлена ли представленная в нем переписка или основу текста произведения составили реальные письма; б) реализуется ли героем в посланиях (эпистолярных) коммуникативная задача или доминируют иные интенции. Для решения этих проблем было предпринято настоящее исследование, предметом которого стали особенности жанровой эволюции и поэтики казахской эпистолярной прозы.

Ключевые слова: жанр, проза, эпистолярная проза, теория литературы, дискурс.

Abstract. This article is devoted to the problem of genre evolution and poetics of Kazakh epistolary literature. The phenomenon called epistolary prose was generated by the transformation of writing as a speech genre into a kind of artistic narrative. This concept often includes all works whose text is designed letters (a letter) of a character, regardless of whether a) the correspondence presented in it is fictional or the